



Ақтөбе қаласы

Бекітемін:

№17 «Шұғыла» б/б меңгерушісі

 Д.Н. Жетілгенова



**№7 «Ертегі» ересек тобының 2024-2025 оқу жылының
ата – аналармен өткізілетін жұмыс жоспары**

№	Тақырыбы	Жұмыс түрі	Мерзімі	Жауаптылар
1	«Кел, танысайық» жаңадан келген ата-аналармен кездесіп, жылдық жұмыс жоспарымен таныстыру.	Жиналыс	Желтоқсан	Тәрбиешілер, ата-аналар
2	«Бақытыңды балаңнан ізде»	Дөңгелек үстел	Қаңтар	Тәрбиешілер Ата-аналар
3	«Отбасы құндылығы – сарқылмас қазына» Әжелердің немере тәрбиесіндегі тәжірибелерімен бөлісуі және шеберліктерін көрсету.	Шеберлік сағаты	Ақпан	Тәрбиешілер Ата-аналар
4	«Құттықтаймын, анашым, қуанышыңмен!» 8 наурыз аналар мерекесіне арналған ертеңгілік.	Мерекелік кеш	Наурыз	Тәрбиешілер Ата-аналар
5	«Армысың, Наурыз!» 22 наурыз мерекесіне орай ұйымдастырылған ата-аналар сайысы.	Ұлттық ойындары спорттық сайыс	Наурыз	Тәрбиешілер Ата-аналар Дене шынықтыру нұсқаушысы
6	Ата- аналармен бірге еңбек «Еңбек- адамдыққа жетелейді»	Сенбілік өткізу	Сәуір	Тәрбиешілер Ата-аналар
7	«Бір жыл-бір белес» 1.Ата-аналар комитетінің есебі. 2. Жылдық қорытынды	Жиналыс	Мамыр	Тәрбиешілер Ата-аналар

**2024-2025 оқу жылына арналған
№7 «Ертегі» ересек тобының ата-аналар комитетінің тізімі**

№	Ата-ананың аты-жөні	Жұмыс орны	Байланыс телефоны	Атқаратын қызметі
----------	----------------------------	-------------------	--------------------------	--------------------------

1	Қазиева Нұргүл	ДВД инспектор	87770006005	Төрайымы
2	Рскалиева Жаңылсын	№17 «Шұғыла» б.б тәрбиеші көмекшісі	87478942604	Мүшесі
3	Исламгарий Динара	Интернет магазин «Озон»-оператор	87475907035	Мүшесі
4	Серғазы Ақбалдақ	№17 «Шұғыла» б.б тәрбиеші	87055375524	Хатшы

«Кел, танысайық»

Мақсаты: Жаңадан келген ата-аналармен танысу; Балабақша тәртібімен, оқу-тәрбие жұмыстарының жоспары, бағыттарымен таныстыру; Ата-ана мен тәрбиеші арасындағы серіктестік қарым-қатынасты қалыптастыру.

1. Кіріспе бөлім

Тәрбиеші сөзі: Құрметті ата-аналар! Балабақша ұжымы атынан «Кел, танысайық» атты танысу кешімізге қош келдіңіздер дейміз!

Сіздердің балаларыңыз біздің балабақшамыздың тәрбиеленушісі атанды. Бүгін біз сіздермен жақынырақ танысып, ортақ тәрбие жолында біріге жұмыс істеуіміз үшін бір-бірімізді жақсырақ түсінуге бағытталған кездесу ұйымдастырдық.

2. Танысу тренингі: «Мен кімін?»

Мақсаты: Ата-аналар бір-бірін және педагогтарды танып, еркін қарым-қатынас орнату.

Жүргізілуі:

Шеңбер жасап отырған ата-аналар өз есімін айтып, баласының атын, хоббиін немесе отбасындағы ерекшелік туралы 1-2 сөйлеммен айтып шығады.

3. «Біздің балабақша» – Презентация

Тәрбиеші немесе әдіскер сөзі:

Балабақша өмірімен таныс болыңыздар:

Топтың күн тәртібі;

Жылдық оқу-тәрбие жоспарымен таныстыру;

Даму бағыттары (тіл дамыту, дене шынықтыру, шығармашылық, экологиялық тәрбие т.б.);

Тамақтану мен қауіпсіздік шаралары;

Әлеуметтік-психологиялық қолдау туралы қысқаша мәлімет.

Презентация/бейнеролик көрсету ұсынылады.

4. «Ашық микрофон» – Ата-аналармен сұхбат

Ата-аналардан:

Алғашқы әсерлер,

Тілектері немесе сұрақтары тыңдалады.

Тәрбиеші мен меңгеруші сұрақтарға нақты жауап береді.

5. «Бала бақыты – ата-ана мен тәрбиеші бірлігінде»

– Топтық пікір алмасу

Ата-аналарға төмендегідей сұрақтар қойылады:

Балабақшадан не күтесіз?

Баланың балабақшаға бейімделуіне қалай көмектесіп жүрсіз?

Тәрбиешілермен сенімді қарым-қатынас орнатуда не маңызды?

6. «Балаңыздың жан дүниесін түсіне білесіз бе?»

– Психологиялық жаттығу

Психолог ұйымдастырады:

Ата-аналарға баланың мінез ерекшеліктерін сипаттайтын түрлі карточкалар таратылады. Әркім өз баласына сай карточканы таңдап, түсіндіреді.

7. Қорытынды: «Тілек бұрышы»

Ата-аналар стикерлерге немесе қағаз жүрекшелерге өз тілектерін, ұсыныстарын жазып, «Тілектер ағашына» іледі.

Меңгеруші қорытынды сөзі:

«Бала – ата-ананың көз қуанышы, болашағы. Біз сіздермен бірлесе отырып, балаларымыздың бақытты балалық шағын қалыптастыру жолында бірге боламыз деп сенеміз! Қош келдіңіздер!»

Хаттама №1

Іс-шара: «Кел, танысайық!» – Жаңадан келген ата-аналармен кездесу

Қатысушылар: Тәрбиешілер, әдіскер, ата-аналар

Өткізген уақыты: 24.12.2024

Күн тәртібі:

1. Ата-аналармен танысу
2. Балабақша өмірі, күн тәртібі және жоспарлармен таныстыру
3. Ашық микрофон – ата-аналардың пікірлері
4. Психологиялық жаттығулар
5. Қорытынды бөлім – тілек бұрышы

Жиын барысы:

- Меңгеруші ата-аналарды балабақшамен таныстырып, сенімді әріптестікке шақырды.
- Әдіскер оқу-тәрбие жұмысының жылдық жоспарымен, топтың күн тәртібімен таныстырды.
- Ата-аналар өздерін таныстырып, сұрақтар қойып, ойларын ортаға салды.
- Психолог «Бала мінезі» жаттығуын жүргізді.
- Іс-шара соңында «Тілек бұрышы» ұйымдастырылып, ата-аналар жақсы тілектерін білдірді.

Қорытынды:

Іс-шара жоғары деңгейде өтті. Жаңа ата-аналар балабақша жұмысымен танысып, ұжымға сенім білдірді. Ашық, еркін қарым-қатынас орнады. Көптеген ата-аналар алдағы уақытта балабақшамен тығыз байланыста жұмыс істеуге ниет білдірді.

Ата-аналар комитетінің төрайымы: Қазиева Н.



Хатшы: Серғазықызы А.



«Бақытынды балаңнан ізде» (дөңгелек үстел)

Мақсаты: ата - ана мен бала арасындағы сенімді сыйластықты, бір - біріне деген сезімді нығайту. Ата-ана - отбасының негізгі діңгегі, бастапқы дәнекері екенін ескеріп, мектеп, ата-ана, ұстаз болып бірігіп, сапалы білімді, саналы тәрбиелі, салауатты ұрпақ тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже: - Ата - ана мен бала арасындағы сенімді сыйластық әрекетінің мақсаты айқындалады, баланың бас ұстазы ата - ана екенін түсінеді, бір - біріне деген сезім нығайады;

Идеясы: « Ұяда не көрсен , ұшқанда соны ілесің!»

Әдісі: әңгімелесу- пікір алмасу, сұрақ-жауап сыни тұрғыдан ойлау, ассоциация, құрастыру, тренингтер, ситуациялық сұрақтар шешу, шығармашылық жұмыс, кері байланыс, бағалау

Ресурстары: интербелсенді тақта, сызбалар, ватман, А4 қағаздары, маркер, доп, ойын элементтері, жағдаяттар, стикерлер, бағалау парақшалары т.б.

Түрі: дөңгелек үстел, топтық жұмыс

Жүргізілу барысы:

Кіріспе сөз : - Қош келдіңіздер, құрметті ата - аналар және әріптестер. Бүгінгі біздің отырысымыз ерекше болады деген үмітпен дөңгелек үстелімізді бастаймыз. Тренингіміздің ерекшелігі сол, тәрбие процесіндегі қиындықтарды біз боп, сіз боп пікірлесе отырып, ойымызды түйіндеп, өмір жолында пайдалану. Отбасы - Адам баласының алтын діңгегі. Өйткені адам ең алғаш шыр етіп дүниеге келген сәтінен бастап, осында ер жетіп, отбасының тәрбиесін алады. Сондықтан да отбасы - адамзаттың аса қажетті, әрі қасиетті алтын бесігі.

Бала қанша білім алып, мектеп табалдырығын аттағанымен, оның өмірінің көп бөлігі әке - шешесінің қасында өтеді екен. Ал сіздердің ата - ана, өміріңізде үш рет мектепке баратыныңызды әрқашан естен шығармаңыз. Бірінші рет – өзіңіз, екінші рет – балаңыз, ал үшінші рет – немереңіз барады екен. Ендеше бүгінгі сабағымызға қатысып отырған ата - аналарға әрдайым осы балаларыңыздың қорғаны болып, немере сүйіп мектепке келе беріңіздер демекпіз!

I.Ұйымдастыру бөлімі.

Психологиялық тренинг «Көңілді күн»

«Сәлемдесу» жаттығуы

Мақсаты: қатысушылармен сәлемдесу, топқа энергия беру;

Жаттығу барысы

Қатысушыларға шеңбер құрып тұрады. Әрбір қатысушы шеңбер бойымен жүріп, «өз амандасу тәсілімен» барлығымен сәлемдеседі:

«европалықтар» қолдарын қысады,

«жапондықтар» бастарын иеді,

«африкандықтар» мұрындарымен,

«Қазақтар» құшақтасады.

Тибет халқы тілдерін шығарады.

Тувалу еліндегі дәстүрлі сәлемдесу бір-бірін көрген бойда екі жан бір-бірінің беттеріне жақындап, терең дем алады.

Татамиде тізерлеп отырып, жерге қарай иілу керек.

Кенияға сапар шеккен жандар масаи тайпасын кездестіреді. Масаи тайпасының халқы бір-бірін көргенде, билей бастайды. Билеген кезде шеңбер жасап, ырғалып, секіре бастайды.

Гренландия мұрнының ұшы мен жоғарғы ернін екінші жанның қолына я бетіне тигізіп, терең дем алады.

Қытай қолдарын біріктіріп, оны денесінің бойымен төмен қарай сырғытады.. Филиппины саусағының ұшын оның маңдайына тигізеді де «мано по» деп айтады.

Аналар мен әкелерді жеке топтау.

Бақыт деген не?

Ендеше, бүгінгі дөңгелек үстеліміздің тақырыбы: «Бақытыңды балаңнан ізде»

II.Тренинг «Біз баламызды танимыз ба?» Слайд

Слайдтағы суреттерден балаларын тауып алу

IV. Топтық жұмыс. Сұрақ- жауап:

«Әрбір баланың мінез құлқы ата-анасының жағымды іс-әрекетінен үлгі алуы барысында қалыптасады»- деп Павлов айтпақшы баланың мінез-құлқы өскен ортасына,көрген тәрбиесіне байланысты қалыптасады.Ата-ана - бала үшін ең бірінші үлгі тұтар адамы,өзін көретін айнасы.Сондықтан,ата-аналар,мен сіздерге мынадай сұрақтар қойғым келіп отыр.

1-топқа:

1.Бала тәрбиесіне қатысты қазаққа тән қандай қасиеттерді дұрыс деп санайсыз?

2.Бала үшін ата-ананың қайсысының беделі күшті деп ұғасыз?

3.Бала тәрбиесі үшін отбасы жауапкершілігі басым ба, әлде мектептің жауапкершілігі басым ба?

2-топқа:

4.Баланың атасы мен әжесінің тәрбиесінде,атасы мен әжесінің баласы болуына қалай қарайсыздар?

5.Баланы еркін тәрбиелеген дұрыс па,қатаң тәрбиелеген дұрыс па?

6. «Баланың өскенде жақсы,өнегелі адам болып шығуына отбасынан алған тәрбиенің ықпалы зор» дегенге өз пікіріңіз,көзқарасыңыз қандай?

Ата-аналардың пікірі тыңдалады

Осы жерде мен ата-аналарға мынадай кеңестер айтқым келіп отыр.

Егер балам қатыгез,қайырымсыз,өзімшіл болып өспесін десеңіз,бала тәрбиесінде мына қателіктерге жол

бермеңіз

1 - қателік «Егер сен мен қалағандай болмасаң мен сені жақсы көрмеймін»

2 - қателік «Не істесең оны істе маған бәрібір»

3 - қателік: Аса қаталдық «Мен не айтсам соны орындауың керек, өйткені мен үйдің басшысымын»

4 - қателік Балаларды тым еркелету

5 - қателік «Саған көңіл бөлуге уақытым жоқ»

6 - қателік Балаңызды тым көп ақшамен қамтамасыз ету

7 - қателік Баланың ісіне көңіл - күйіңізге қарап баға беру, яғни көңіл - күйіңіз нашар болса оның қуанышына ортақтаспау, әңгімесіне құлақ аспау

Міне құрметті ата - аналар, бала тәрбиесінде осы қателіктерге жол бермесеңіз ғана балаңыздың саналы азамат болып өсіп, сізді бақытқа кенелтері сөзсіз.

V. Бейне үзінді көрсету: «Біздің балалар»

<https://www.youtube.com/watch?v=2kthmYewlU>

Мұғалім:

1.Ата –аналар, бұл жағдайға не айтасыздар?

2.Балаға, ата – анасына қандай ақыл – кеңес айтар едіңіздер?

3. Кімнен қателік кетті деп ойлайсыздар?

3.Осындай балалардан болашақта қандай азамат шығады деп ойлайсыздар?

VI. Топтық жұмыс Жаттығу. Шығармашылық жұмыс «Отбасылық құндылық ағашы»

Нұсқау: Бұл сіздің отбасылық құндылық ағашыңыз. Бірнеше берілген отбасылық құндылықтарды ағаштың тамырына, діңіне, бұтақтарына орналастыру. Тамыры сіздің ең негізгі отбасылық құндылық болып есептеледі, ағаштың діңіне орташа құндылықтарды, ал, бұтақтарына отбасыңызға маңызды бірақ, қатты қолданбайтын, көп көңіл аудармайтын құндылықтарды орналастыру керек. Берілген уақыт 7 - 10 минут.

1. Мықты денсаулық

2. Ағайындарыңа, достарыңа ашық есік

3. Ауызбіршілік

4. Ортақ қызығушылық

5. Бір - біріңіздің жұмысына араласпау

6. Қамқорлық

7. Тәртіп

8. Бос уақытыңызды бірге өткізу

9. Сенімділік

10. Ата - ананың сөзі заң

11. Ата - ана отбасының үлгісі

12. Әлеуметтік жағдай

13. Отбасылық қарым – қатынас

14. Махаббат

15. Мейірімділік

16. Шынайылық

17. Сырт көзге үлгі болу

18. Береке

19. Үлкенге - ізет, кішіге – құрмет

20. Көп бала

Соңында үлкен бәйтерек ағашы шығу керек. Шыққан суретті қорғап шығамыз.

Сергіту сәті қызықты видеолар көрсету

VII. Жағдаятқа ену

1-топ Ата-аналар

1-жағдаят Анашым,мен бүгін сабаққа бармай-ақ қояйыншы, үйге берілген тапсырманы жаттамап едім, апай сұраса «ауырып жатыр» деп айта салыңызшы.

2-жағдаят Бала сыныптасымен төбелесіп қалды, Сізді тез арада мектепке шақыртып жатыр, не шара қолданасыз?

2-топ Мұғалімдер

3- жағдаят Баланың музыкалық қабілеті байқалып, аптасына екі рет болатын домбыра үйірмесіне шақырылады. Үйіндегі анасы домбыра жоқ, бармай ақ қой дейді. Мұғалім іс-әрекеті.

4- жағдаят. Оқушының ата-анасына телефон шалып, баласының мектепке жарылғыш заттар әкелгенін хабарладыңыз. Ата-анасы біздің бала ондай емес, одан да мұғалімдер өз балаларын жөндеп алсын деді. Сіздің әрекетіңіз.

Ата-аналар осы жағдайларды сол сәтте қалай қабылдайтындықтарын(қуаныштарын,реніштерін іс-қимылын салып)

көрсетеді

Ата - анаға жадынама

-Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің

- Кішкентайынан көп жапа шеккен бала өскенде кінәмшіл болады

- Кішкентайынан мазакқа ілінген бала өскенде ұялшақ болады

- Кішкентайынан жекіруді көп естіген бала бар кінәні өз мойнына алуға бейім тұрады

- Кішкентайынан көптің бірі болып өскен бала кейін бауырмал сабырлы, ұстамды келеді

- Кішкентайынан жалғыз тәрбиеленген бала өзімшіл болады

- Кішкентайынан қатыгездікті көп көрген бала өскенде дау - дамайдың ортасында жүреді

VIII. Қай ағашты таңдайсыз?

(психологиялық тест)

Төменге түспей жатып мына ағаштардың бірін таңдап алыңыз. Әрине, қайсысы көзіңізге ерекше түсті, соның реттік нөміріне қараңыз.

Ағашты таңдап болсаңыз, өзіңіз жайлы мына психологиялық тестпен танысыңыз. Сіз қандай екенсіз?

1. Жомарт және адамгершілігі жоғары жансыз. Сіз үнемі үздік болуға талпынасыз. Кеудемсоқтық қасиетіңіз де жоқ емес. Жұрт сырттай сізбен тіл табысу қиын деп түсінеді. Олай емес, тек сіз өзіңізбен-өзіңнің табысуыңыз оңай шаруа емес. Сіз үнемі белсенді жұмыс атқарасыз. Бірақ өзімшіл емессіз. Сіз өз әлеміңізді әдемілендіру үшін тынбай жұмыс жасайсыз. Сіз біреуді жаныңызға жара салғанша жақсы көресіз. Ал содан кейін... содан кейін де жақсы көруден танбайсыз. Сіздің ісіңіздің қадіріне жетіп жүрген жандар аздау.

2. Еліктіргіш және шыншыл адамсыз. Сіз біреуге көмектесуге қашан да даяр тұратын жауапкершілігі жоғары жансыз. Сіз адал жұмыс жасауды жақсы көресіз. Қандай да бір жұмысты өз міндетіңізге алудан қашпайсыз. Сіздің мінезіңіз көпке ұнамды. Сізде үнемі көптің көңілінен шығатын қызықты әңгіме таусылмайды.

3. Ақылды және ойшыл жансыз. Сіз сөзсіз ой адамысыз. Сіздің идеяңыз бен ойларыңыз өте маңызды. Сіз жалғыз қалғанда көп ойға берілесіз. Өзіңіздей үнемі ой үстінде жүретін жандармен сұхбат құрудан қашпайсыз. Сіз өзіңіз дұрыс деп жасаған нәрсені жасайсыз. Оған көпшілік бір ауыздан келісе қоймауы да мүмкін.

4. Зерек жансыз. Сіз өз ортаңызда сирек кездесетін жалғыз адамсыз. Сізбен қатар тұрар жан жоқ. Тіпті сізбен салыстыруға тұрарлық жан да... Сізді көбі дұрыс түсіне бермейді. Сондықтан ондай жандардың ісі сізді үнемі ренжітеді. Сізге жеке кеңістік құру қажет. Шығармашылығыңызды байыта түсіңіз. Өйткені жұрт сізді шығармашылығыңыз үшін де қадірлейді.

5. Сенімді жансыз. Сіз тәуелсіз жансыз. "Бәрін өзім жасаймын" деген қағиданы ұстанасыз. Тек өзіңізге ғана сенесіз. Сіз жақындарыңыз үшін қалай сенімді болудың құпиясын білесіз. Жұрттардан бар тілеріңіз - олардың сізге адал болуы. Өйткені сіз адал адамдарды бағалайсыз, шындықты сүйесіз.

6. Мейірімді және сезімтал жансыз. Сіз адамдармен оңай қарым-қатынас орнатасыз. Досыңыздың саны көп. Олардың өмірін жақсарту үшін қолыңыздан келгенін аянып қалмайсыз. Сіз бар жерде кейбіреулер өздерін артық сезінеді. Сіз махаббатқа сенесіз, онсыз өмірдің мәні жоқ деп ұғасыз.

7. Бақытты және өзін-өзі еркін билейтін жансыз. Сіз адамдарды айтқызбай-ақ ұғатын кішіпейіл адамсыз. Әр адам өмірде өз жолын салуы керек деп түсінесіз. Сіз кез келген шараны, оқиғаны да қорқынышсыз қарсы аласыз. Көп мазаланатыныңыз тағы бар. Үнемі бос уақытты тиімді өткізесіз.

8. Әдемі және қайратты жансыз. Сіз көңілді де күлдіргі адамдардың қатарынансыз. Егер әңгіме қандай да бір оқиға жайында өрбіп жатса, үнемі "Қолдаймын" деп қол көтеруге дайын жүресіз. Сіз таңқалудан да, таңдандырудан да жалықпайсыз. Бәрін біліп алғыңыз келіп тұрады. Егер сізге бір нәрсе қызық болса, соның жай-жапсарын анықтағанша байыз таппайсыз.

9. Жолы болғыш адамсыз. Сіз үшін өмір - сыйлық. Сол сыйлықты сәтті пайдалану керектігімен бас қатырасыз. Өмірде қолыңыз жеткен жетістікпен марқаясыз. Жаныңызға жақын жанмен бар қуанышты бөлісуге әзір тұрасыз. Кешіре де, кешірім сұрай да аласыз.

IX. Рефлексия «Бес саусақ әдісі»

«Егер мен баламнан бақытымды көргім келсе, бәрі өз қолымдада!» Әр саусақ сіздің көзқарасыңызды

көрсетеді, сол бойынша өз ой-пікіріңізді төмендегі нұсқауға сәйкес салынған саусақтың ішіне толтыру (пікірлер, ұсыныстар)

Бас бармақ - мен үшін бүгінгі жиналыста маңызды және қызықты болды.

Балаң үйрек - осы сұрақ бойынша мен өзіме қажетті мәлімет алдым.

Ортан терек - бұл маған қиынға соқты...(маған ұнамады)...

Сылдыр шүмек - менің психологиялық ортаны бағалауым.

Кішкентай бөбек - бір тілек

Тәрбиешінің қорытынды сөзі:

Ата - ананың бақыты баланың дұрыс адам болып өсуіне байланысты. Ал балалардың өздеріңізге бақыт сыйлайтын тұлға болып қалыптасуы, ата - аналар сіздерге байланысты дей отырып

«Қатты тәртіп көрсе бала күнінде,
Өнерімен қуантады түбінде.
Бала нені білсе жастан, ұядан -
Өле - өлгенше соны таныр қиядан
Өнер - білім берем десең басынан,
Бер оқуға балаларды жасынан.
Ата - анадан өсіп ұрпақ тараған
Жақсы - жаман болса бала солардан», - деген Жүсіп Баласағұнның сөзімен дөңгелек үстелді аяқтаймын

Хаттама №2
«Бақытынды балаңнан ізде»
(дөңгелек үстел)

Өткізілген күні: 10.01.2025ж

Қатысушылар: 12

Күн тәртібі:

Кіріспе сөз. Тақырыпты ашу.

Психологиялық тренинг: «Сәлемдесу»

Топқа бөліну.

Тренинг: «Біз баламызды танимыз ба?»

Сұрақ-жауап. Топтық жұмыс.

Ата-аналарға кеңес.

«Біздің балалар» атты бейнеүзінді көрсету, талдау.

«Отбасылық құндылық ағашы» – шығармашылық тапсырма.

Сергіту сәті.

Жағдаяттармен жұмыс (ата-ана мен мұғалім рөлінде).

Психологиялық тест: «Қай ағашты таңдайсыз?»

Рефлексия: «Бес саусақ әдісі»

Қорытынды сөз.

Өту барысы:

1. Кіріспе сөз: Тәрбиеші дөңгелек үстел тақырыбын таныстырып, ата-аналарға сәлемдесу сөзін айтып, отбасы – тәрбиенің негізі екенін атап өтті.

2. Психологиялық тренинг: Қатысушылар түрлі халықтардың сәлемдесу тәсілдері арқылы көңіл көтеріп, шеңбер бойымен амандасты.

3. Топқа бөліну: Ата-аналар – аналар және әкелер болып екі топқа бөлінді. Топтық тапсырмалар берілді.

4. «Біз баламызды танимыз ба?» тренингі: Ата-аналар слайд арқылы баласын тану тапсырмасын орындап, қызықты ой бөлісті.

- 5. Сұрақ-жауап:** Павловтың пікіріне сүйене отырып, ата-аналар бала тәрбиесіне қатысты сұрақтарға жауап беріп, өз тәжірибесімен бөлісті.
- 6. Ата-аналарға кеңес:** Бала тәрбиесіндегі негізгі қателіктер мен олардың салдары айтылып, нақты ұсыныстар берілді.
- 7. Бейне үзінді:** «Біздің балалар» бейнебаяны көрсетіліп, ата-аналар пікір білдірді.
- 8. Шығармашылық тапсырма:** Әр топ «Отбасылық құндылық ағашын» жасап, қорғап шықты. Құндылықтар тамыр, дің және бұтақтарға бөлінді.
- 9. Сергіту сәті:** Қызықты видеороликтер арқылы қатысушылардың көңіл күйі көтерілді.
- 10. Жағдаяттарды талдау:** Ата-аналар мен мұғалімдер нақты жағдаяттарды сахналай отырып, өз көзқарасын ортаға салды.
- 11. Психологиялық тест:** Қатысушылар ағаш суретін таңдап, өз мінез-құлқына байланысты сипаттамамен танысты.
- 12. Рефлексия:** «Бес саусақ» әдісімен ата-аналардан кері байланыс алынды. Қатысушылар шарадан алған әсерлерін, ұсыныс-пікірлерін білдірді.
- 13. Қорытынды сөз:** Жүргізуші дөңгелек үстелді қорытындылап, ата-аналарға бала тәрбиесі жолында бірлесе жұмыс істеудің маңыздылығын еске салды. Жүсіп Баласағұнның тәрбиелік мәні терең сөзімен шараны аяқтады. Іс-шара жоғары деңгейде өтті. Ата-аналар өз ойларын еркін айтып, баламен сенімді қарым-қатынастың маңыздылығын түсінді. Педагогикалық, психологиялық әдістер арқылы ата-аналар мен мектеп арасындағы серіктестік нығая түсті. Шара соңында ата-аналарға естелік ретінде жадынама таратылды.

Ата-аналар комитетінің төрайымы: Қазиева Н.



Хатшы: Серғазықызы А.



МКҚК №17 «Шұғыла» бөбекжай – балабақшасы

**«Отбасы құндылығы –
сарқылмас қазына»**



Тәрбиешілер: Тукбаева Б.А.
Серікқызы А.

Ақтөбе қаласы 2024ж.

«Отбасы құндылығы – сарқылмас қазына»

Мақсаты: Отбасы мүшелерінің арасындағы бауырмалдық, қайырымдылық қатынастарын нығайту, ата – анасын сыйлай білетін азамат тәрбиелеу, отбасы құндылықтарын арттыру.

Көрнекілігі: фото стенділер, даналық сөздер, безендірулер, слайд, бейнероликтер.

Отбасы өнегесін алып өскен ұрпақ болашағына зор сеніммен қарайды. Адам баласы шыр етіп дүние есігін ашқаннан бастап сол ортаға бейімделіп, ықпалына көніп ер жетеді. Міне, бүгінгі шарамыздың «Отбасы құндылығы – сарқылмас қазына» деп аталуы да үлкен мақтаныш. Балаға білім, тәрбие беруде басты тұлға – ұстаз болса, оны жалғастырушы, демеуші ата – ана. Оның бастау бұлағы ата мен әже!

Құрметті ата-аналар, аталар мен әжелер! Отбасы, ата – ана, бала, ата – әже туралы мақал – мәтелдерді еске түсіріп, әркез оларды қастерлеп жүру үшін тренингке кезек берейік. (Қатысушылар шеңбер болып тұрып, музыка ырғағымен сикырлы қорапты бір - біріне ұсынады. Музыка тоқтағанда қорапша кімнің қолында қалса сол қатысушы отбасы туралы мақал айтады.)

Дүниеде не тең келер анаға,
Туған одан батыр, ғалым, дана да.
Бар өмірін арнайтұғын балаға,

Ата – ананы жырламаққа бола ма? – дей келе жалынды жыр шумақтарымен кішкентай бүлдіршіндерімізді ортаға шақырамыз.



Хаттама №3

Өткізілген уақыты: 23.01.24ж.

Қатысқаны: 16

«Отбасы құндылығы – сарқылмас қазына» шеберлік сабағы

Мақсаты: Отбасы мүшелерінің арасындағы бауырмалдық, қайырымдылық қатынастарын нығайту, ата – анасын сыйлай білетін азамат тәрбиелеу, отбасы құндылықтарын арттыру.

Отбасы арасындағы сенімділікті, бірлікті арттыру мақсатында шебердік сабағын ұйымдастырдық. Бұл шеберлік сабағында атасы мен немересі және әжесі мен немересі белсенділік танытты. Түрлі тренинг пен ойындар ұйымдастырылды. Әжесі мен немересі арасында қазақтың ұлттық тамағы бауырсақ дайындалды, ал атасы мен немересі арқан өруден шаберлік сабағын көрсетті. Сонымен қатар әкелері мен балалары қазақ халқының ұлттық ойыны асық ату ойының ойнады. Осылай шеберлік сабағымыз өте қызықты өтті. Балаларымыздың бойына қазақтың ұлттық құндылықтарын дәріптеу мақсатында ұйымдастырылған шеберлік сабағымыз өте жоғары деңгейде өтті.

Қаулы етілді:

1. Бала бойына ұлттық құндылықты дәріптеу.
2. Отбасы арасындағы ауызбіршілікті арттыру.

Ата-аналар комитетінің төрайымы: Қазиева Н.



Хатшы: Серғазықызы А.



Құттықтаймын, анашым, қуанышыңмен!

Жүрг: Армысыздар ақ жаулықты аналар, қымбатты ұстаздар, сүйікті қыздар! Сіздерді көктемнің алғашқы мейрамы «8-наурыз Халықаралық әйелдер күнімен» шын жүректен құттықтаймын!

Ардақты ана, аяулы ана, қымбаттым,
Тәтті ұйқыңды бөліп талай түн қаттың.
Өміріме нәрін берді ақ сүтің,
Кең құшағың аясындай гүл бақтың!

Жүрг: Ана! Ғалымды да, Ақынды да, Батырды да жарық дүниеге әкелген әлемдегі ең қасиетті де аяулы жан. Біз әр уақытта сіздерге бас иеміз! Құрметті аналар келген қадамдарыңызға гүл бітсін, сіздерге арналған мерекемізді бастаймыз! Балаларды қарсы алыңыздар!!!

(Қатармен ұлдар мен қыздар кіреді, қолдарында гүлдері бар. Қимыл-қозғалыс жасап, билейді Орындарына отырады.)

Ән: Ақ мамам!»

Жүргізуші сөзі:

- | | |
|-----------------|--|
| 1 Инжу | Ана – өмір жарығы,
Ана – өмір бұлағы.
Бесігімнің жыр әні,
Жүрегімде турады. |
| 2 Сұлтан | Үн қатасың бал тіліңмен
Еркелеймін әр күні мен
Құттықтаймын анашым
8- наурызбенен! |
| 3 Али | Айналайын анашым
Әлемдегі жан асыл
Болсын маған не керек
Бәрін іздеп табасың.
Гүл-гүл жайнап бәріміз
Кірді біздің сәніміз.
Аналарды тойымен
Құттықтаймыз бәріміз! |
| 4 Жанель | Бәрімізге анасың |

Біз үшін көп жанасың.
Құтты болсын мейрамың
Құтты болсын анашым!

5 Нұрислам Гүл-гүл жайнап бәріміз,
Кіреді біздің сәніміз.
Аналарды тойымен
Құттықтаймыз бәріміз!

6. Таңнұрым Тек өмірде сен ғана
Ерекшесің сен, анам.
Бұл өмірде тек қана
өзіңе арнап ән салам!

(Балалар орындарына отырады)

Жүрг: Балалар сендер осы жер бетінде бір керемет ел бар екенін естідіңдер ме? Ол «Аналар елі» деп аталады. Оған қалай баруға болады екен? Оның бір жолы бар, ол туралы маған бір сиқыршы айтты. Бірақ ұмытып тұрмын, Аналар еліне қалай жетуге болатынын... *Осы кезде жүргізушінің көзі кушинга түседі. Ой! Мына құмыра мында неге тұр екен?! Өзі әп-әдемі, бірақ ескі сияқты көрінеді, шаң екен өзі...*

Құмыраның шаңын сүртейін десе, әуен ойналып, арт жағынан Джинн шығады.

Жүрг: Ой, сен кімсің? Шошытып жібердің ғой мені!..

Джинн: *(Тұрып, керіледі...)* Ооо, Мен әйгілі Джиннмын! Мына құмыраның ішінде мың жыл отырдым.

Рахмет сіздерге мені босатқандарыңызға! Әміріңізге құлдық! Айтқаныңызды бұлжытпай орындаймын!

Жүрг: Онда Джинн бізді Аналар еліне алып баршы! Бүгінгі мейрамда балалар аналарын қалай қатты жақсы көретінін айтып, көрсеткісі келеді.

Джинн: Құп болады! Біз қазір тез-ақ сол жерге жетеміз. Менде Аналар елінің картасы бар. *(картаны көрсетеді) Сақалынан кішкене үзіп алып, сиқырлы сөздер айтады.*

Көктемге арналған әдемі әуен ойналады. Алдарына Көктем шығады.

Жүрг: Джинн! Бұл аналар елі емес сияқты ғой! Біз қай жерге келіп қалдық?

Көктем: Армысыздар, аяулы аналар,
Армысыздар, кіршіксіз таза балалар!
Тіршілікке сән берген,
Көктем еліне қош келдіңдер!!!

Біз сіздерді күтіп отырғанбыз!

Джинн: Ой, біз Көктем еліне келіп қалыптық қой!

Жүрг: Қош келдік, Ару көктем!!! Біз Көктем еліне келіп қалған екенбіз, балалардың саған арнаған әдемі ән-жырлары мен тақпағы бар. Қабыл ал!

ӘН: «Көктем»

Жүрг: Көктемнің алғашқы күндерінде біз үлкен мереке Аналар күнін тойлаймыз. Соған орай балаларымыздың сіздерге дайындаған бір номері бар. Қабыл алыңыздар! Мүмкін өзіңізді де көріп қалатын шығарсыз.

Жүрг: Ой рахмет балалар!

Көктем: Аналар еліне тез жетулеріңе тілектеспін! Жолдарың болсын!

(Көктеммен қоштасады)

Жүрг: Рахмет Көктем! Қош, сау болыңыз! Джинн бізді Аналар еліне жеткізіп салшы...

Джинн: Қазір.... Сақалынан бір үзіп алып, сиқырлы сөзін айтады.

Әже туралы әуен ойналады.

Би: заманауи би

Жүрг: Ой қандай әдемі ән... біз Әжелер өлкесіне келіп қалған сияқтымыз ғой... Біз бұл жерге бекер келмедік. Балалар бұл біздің аналарымызбен бірге әжелеріміздің де мерекесі. Сол әжелерімізге арнап өнерлерін көрсетсің!

Ән: «Менің әжем»

Жүрг: Жәрайсыңдар балалар! Біз Аналар еліне жақындап қалған сияқтымыз!!! Қане, көрейік, Джинн бізді енді қайда алып келетінін!

Джинн тағы да сақалынан үзіп сиқырлы сөздерін айтады...

Карусельдің әуені ойналады, балалардың күлкісі естіледі.

кездескен



Хаттама №4

Өткізілген уақыты: 06.03.25ж.

Қатысқаны: 14

«Құттықтаймын, анашым, қуанышыңмен!»

Аналар күніне арналған ертеңгілік кеші.

«Құттықтаймын, анашым, қуанышыңмен!» аналарымызға, әжелерімізге және қыздарға арналған ертеңгілік кеші.

Мақсаты: 8 Наурыз – Аналар мерекесіне орай ұйымдастырылатын іс-шаралар арқылы бүлдіршіндерді шығармашылыққа баулу, сұлулықты сезіне білуге, мейрімділікке, үлкенді құрметтеуге, ана еңбегін қадірлей білуге тәрбиелеу.

Аналар мерекесіне орай өткізілген ертеңгілік кеші жоғары деңгейде өтті. Балалардың костюмдерін дайындауға ата-аналар белсенділік танытты.

Ат салысып қатысқандары үшін ата-аналарға алғыс білдіреміз.

Балалардың көңіл-күйін көтеру үшін Ару көктем, джин және қуыршақ кейіпкерлері келіп, балаларға жақсы көңіл-күй сыйлады. Би билеуде, ән айтуда және де тақпақтар айтуда балалар белсенділік танытты. Аналарына сыйлық беріп, жақсы көңіл күй сыйлады. Ұл балалар қыздарға сыйлық беріп, бұл мерекенің өте ерекше екенін түсінді. Ертеңгілік кешіміз өте жоғары деңгейде өтті.

Қаулы етілді:

Ата-аналар бірлесіп жұмыс жасауларын жалғастырады.

Ата-аналар комитетінің төрайымы: Қазиева Н.



Хатшы: Серғазықызы А.



№17 «Шұғыла» бөбекжай-балабақшасы

Тақырыбы: «Армысың, Наурыз!»
Ұлттық ойындары спорттық сайысы
Ересек тобы



Ақтөбе, 2025

Қазақтың ұлттық ойындар бойынша спорттық сайыс

«Армысың, Наурыз»

Мақсаты: Балалардың ұлттық ойындар туралы білімдерін арттыру, физикалық белсенділікті ынталандыру, достық пен ынтымақтастықты дамыту.

Қатысушылар: Ата- аналар, 4 жастағы балалар.

1. Жүргізушінің сөзімен бастау:

(Жүргізуші қатысушыларға қарап тұрып, қуанышты көңіл-күймен сөз бастайды.)

Жүргізуші:

Қайырлы күн, ата- аналар, балалар! Қош келдіңіздер! Бүгін біз ерекше бір тамаша шара өткізгелі отырмыз. Қазақтың ұлттық ойындары — біздің ата-бабаларымыздан мұра болып қалған, ұлттың күшін, ептілігін, жылдамдығын сынайтын қызықты ойындар. Әрбір ойын өзіне тән дәстүр мен мағынаны сақтайды, әрі денсаулығымызды нығайтып, достықты күшейтеді. Әрбір ойынның өзіндік ерекшелігі бар. Сондықтан да сайыс барысында әрқайсысың белсенді болуға тырысыңдар! Бүгінгі сайыста сіздер ұлттық ойындардың барлығын да қызықтап ойнайтын боласыздар. Сондықтан да әрбір ойынға үлкен ынтамен қатысып, өз күштеріңізді сынап көріңіздер. Ұмытпаңыздар, ең бастысы — жеңіс емес, көңіл күй мен достық!

2. Сайыстың басталуы:

Жүргізуші:

Ал, балалар, енді сайысымызды бастайық! Бүгін біз алты ұлттық ойынды ойнаймыз. Әр ойынға ерекше мән беріп, жақсы нәтиже көрсетуге тырысыңыздар.

Ойын 1: "Арқан тарту"

Бұл ойынның ережесі өте қарапайым. Балалар екі топқа бөлінеді, арқанды бір-біріне тартып, қарсыласын жерге түсірмеу керек. Бұл ойын күш пен төзімділікті тексереді.

3. "Арқан тарту" ойыны:

(Ойын басталғанда жүргізуші балаларды қолдап тұрады.)

Жүргізуші:

Бәрі дайын ба? Ендеше, арқанды қолға алып, күштеріңді салып, өз топтарыңды қолдаңдар! Кімнің жүрегі ұмтылса, сол топ жеңеді! Ойын басталды!

(Ойын аяқталған соң, жеңімпаздар анықталып, жүргізуші сөз алады.)

Жүргізуші:

Жақсы ойын болды! Әр топ өте жақсы күш көрсетті. Ұлттық ойындарда тек жеңіс маңызды емес, ең бастысы — ортақ күш пен ынтымақтастық! Барлығыңызға алғыс айтамын!

4. "Асық ату" ойыны:

Жүргізуші:

Келесі ойын — "Асық ату". Бұл ойын қазақтың ежелгі ойындарының бірі. Ол балалардың дәлдік пен шеберлігін сынайды. Балалар асықтарды белгіленген орынға атып, көп ұпай жинауы керек. Дайын болсақ, ойын бастайық!

(Ойын басталады, балалар асық атып жатқанда жүргізуші оларды қолдап отырады.)

Жүргізуші:

Енді әр бала өз асығын атып, оны дәл белгіленген нысанаға тигізу керек. Кімнің асығы бірінші болып нысанаға тиіп түссе, сол ұпай алады! Қолдарыңда сиқырлы күш бар! Көреміз, кімнің асығы дәл тиеді екен!

(Ойын аяқталған соң жеңімпаздар марапатталады.)

Жүргізуші:

Тамаша, балалар! Сіздер өте жақсы ойнадыңыздар. Әрқайсыңызға үлкен рахмет! Жеңімпаздар мен жеңілгендер де маңызды емес — ең бастысы, қызықты уақыт өткіздік. Жарайсыңдар!

5. "Қаздай жүру" ойыны:

Жүргізуші:

Ал, енді соңғы ойынға көшейік. Бұл ойын — "Қаздай жүру". Балалар, қаздай жүру арқылы біз денемізді

жұмсақ әрі епті ұстаймыз. Әр бала белгіленген жолмен қаздай жүгіріп, мәреге бірінші болып жетуі керек. Бұл ойын жылдамдық пен ептілікті дамытады. Бәрі дайын ба?

(Ойын басталады.)

Жүргізуші:

Қаздай жүріп, алға! Қай бала ең жылдам қаздай жүріп, мәреге бірінші жетеді екен? Дәл қаздар сияқты жұмсақ әрі епті болыңдар!

(Ойын аяқталады, жеңімпаздар марапатталады.)

Жүргізуші:

Керемет! Барлығыңыз да жақсы өнер көрсеттіңіздер. Қаздай жүру тек жылдамдықты ғана емес, шеберлікті де қажет етеді. Әрбір ойынның өзіндік мәні бар, әрі ол сіздердің денсаулықтарыңызды нығайтуға, рухани әрі физикалық тұрғыдан дамуларыңызға көмектеседі.

6. Қорытынды сөз:

(Жүргізуші барлық балаларды ортаға шақырып, қорытынды сөзін айтады.)

Жүргізуші:

Бүгінгі сайысымыз өте қызықты әрі көңілді болды. Сіздер ұлттық ойындардың маңыздылығын түсініп, олардың бізге тек қуаныш қана әкелмей, денсаулығымызды да нығайтатынын білдіңіздер. Ұлттық ойындар бізге ата-бабаларымыздан қалған асыл мұра. Сондықтан да оларды сақтап, болашақ ұрпаққа жеткізуіміз керек.

Барлығыңыз өте жақсы ойнадыңыздар! Жеңімпаздарды құттықтаймын! Бірақ есте сақтаңыздар, нағыз жеңіс — бұл достық, ынтымақтастық, және бір-бірімізді қолдау! Барлықтарыңа үлкен рақмет, жақсы ойнадыңыздар! Келесі сайыстарда да осындай жақсы көрсеткіштер көрсетуге тілектеспіз!

Жеңімпаздарды марапаттаймыз!



Өткізілген уақыты: 12.03.25ж.

Қатысқаны: 11

«Армысың, Наурыз!»
22 наурыз мерекесіне орай ұйымдастырылған
ата-аналар сайысы.

Мақсаты: Ата-ана мен бала арасындағы байланысты нығайту. Балалардың қазақтың ұлттық ойындар туралы білімдерін арттыру, физикалық белсенділіктерің ынталандыру, достық пен ынтымақтастықты дамыту.

Отбасы арасындағы сенімділікті, бірлікті, бала мен ата-ана арасындағы қарым-қатынасты нығайту. Өткізу барысында ең алдымен ата-аналар мен балалар «қара жорға» биін билеп бастады. Әрі қарай ұлттық ойындарынан (бәйге, асық ату, кім шапшаң, теңге алу, арқан тартыс) жарыс өткізілді. Ұлттық ойындар бізге ата-бабаларымыздан қалған асыл-мұра, сондықтан оны сақтап, болашақ ұрпаққа жеткізуіміз керек. Іс-шара соңында ата-аналармен заманауи денсаулық сақтау технологиясының бірі степ платформасымен спорттық би билеп, көңілдері көтерілді. Жарыста жеңімпаз болған топтарға алғыс хат берілді. Жеңімпаздардың барлығына алғыс білдіреміз.

Қаулы етілді:

1. Ата-аналармен бірге спорттық жарыстарды жиі өткізу.
2. Отбасы арасындағы ауызбіршілікті арттыру.

Ата-аналар комитетінің төрайымы: Қазиева Н.



Хатшы: Серғазықызы А.





Хаттама №6

Қатысқаны: 10

«Еңбек- адамдыққа жетелейді»

Мақсаты: Ата-аналардың қатысуымен балабақша аумағын абаттандыру, балаларға еңбекке баулу үлгісін көрсету, ата-аналар мен педагогтер арасында ынтымақтастықты нығайту, ортақ еңбек арқылы тәрбие жұмысының тиімділігін арттыру.

Сенбілік барысында ата-аналар мен балалардың бірлесе еңбек етуі арқылы ұйымшылдық, жауапкершілік пен экологиялық мәдениет қалыптасты. Мұндай іс-шаралар ата-аналардың тәрбие үрдісіне белсенді қатысуына мүмкіндік беріп, балалар үшін үлгі бола алады. Сенбілік ата-аналар мен тәрбиешілердің тығыз ынтымақтастықта жұмыс істеуіне жол ашты. Балалар үлкендердің еңбегін көріп, тазалық пен тәртіптің маңызын түсінді. Мұндай шаралар тәрбиелік маңызы жоғары, әрі баланың жан-жақты дамуына оң әсерін тигізеді. Қатысқан ата-аналарға алғыс білдірілді.

Қаулы етілді:

1. Сенбілікті жоғары деңгейде өткізу үшін ата-аналар мен қызметкерлер бірлесіп жұмыс жасасын.
2. Балабақша ауласын абаттандыру және тазарту мақсатында ата-аналармен бірлескен сенбілік өткізу ұйымдастырылсын.

Ата-аналар комитетінің төрайымы: Қазиева Н.



Хатшы: Серғазықызы А.



Ата аналар жиналысы
«Бір жыл – бір белес!»

Мақсаты: Оқу жылының қорытындысын шығару, балалардың жетістіктерін ата-аналармен бөлісу және жазғы қауіпсіздік туралы ақпарат беру.

Міндеттері: Баланың жеке тұлғалық дамуы мен жетістігін көрсету;

Тәрбиеші мен ата-аналар арасындағы байланысты нығайту;

Баланың өмір қауіпсіздігін қамтамасыз етуде ата-ананың рөлін арттыру.

Ата-аналарды суға бату және терезеден құлау сияқты қайғылы оқиғалардың себептері мен алдын алу шараларымен таныстырып, қауіпсіздік мәдениетін арттыру.

Қатысушылар: Ата-аналар, тәрбиешілер

1. Қарсы алу. Күн,гүл,үй

Ата-аналар жиналысына арналған материалдар мен жабдықтар.

Кіріспе сөз.

\Құрметті ата-аналар!

Бүгінгі жиналысымыз – ерекше мағыналы, ерекше сәт. Өйткені біз бір оқу жылының соңына келіп жеттік.

Бұл – балаларымыз үшін тағы бір үлкен баспалдақтан өткен кезең болса, біз үшін – сол жолдағы ортақ еңбектің нәтижесін саралайтын, алдағы міндеттерді айқындайтын маңызды сәт.

Алдымыздағы бала – бізге аманат. Біз, тәрбиеші мен ата-ана, бірлесе отырып, сол аманатқа адал қызмет етіп келеміз. Сіздердің қолдауларыңыздың, ынтымақтастықтарыңыздың, бала тәрбиесіне деген жауапкершіліктеріңіздің арқасында көптеген жетістіктерге жеттік.

Бүгінгі жиналыста жыл бойына атқарылған жұмыстарға шолу жасап, балалардың жетістіктерімен бөлісіп, алдағы жоспарларды талқылаймыз. Ашық пікір алмасып, ортақ ой түйіп, болашаққа бірге бағыт аламыз деп сенемін.

Қош келдіңіздер!

2. Тренинг: «Мен қандаймын?» тренинг ойыны

Мақсаты: әр адам өзін жеке тұлға ретінде сезіну. Өзінің жанұясында өзін қай деңгейде ұстайтыны екенін анықтау.

Жүру барысы: Ата-аналар гүл, үй, күн тобы болып 3 топқа бөлінеді. Әрқайсыңыз сол суретің ішіне отбасы мүшелерін және өзіңіздің есімдеріңізді жазасыздар.

Нәтижесі: Егер өзіңіздің есімдеріңізді басына жазсаңыз. Сіз өзіңізді отбасы мүшелерінен биік санайсыз.

Өзіңіздің жағдайын бірінші ретке қоясыз. Ал, егер өзіңіздің есіміңізді ортасына қойсаңыз, онда сіз отбасыңыздың ортасындасыз. Екі жақты бірге ойлайсыз. Егер есіміңізді соңына жазсаңыз. Онда сіз бауырмал жансыз. Ата-ана, бауырларыңыз бірінші ретте тұрады. Өзіңізді соңынан ойлайды екенсіз.

3. Жылдық есеп «Осы оқу жылында не білдік?» слайд және фото

4. Сикырлы қобдиша тренннгі

Мақсаты: Ата-аналар бір-бірін қолдау мен мотивацияға үйренеді.

Дайындық: Қобдиша немесе қорап ішіне жылы сөздер жазылған қағаздар салынады.

Жүргізілуі: Әр ата-ана қобдишадан бір қағаз алады және оны дауыстап оқып, сол сөзді өзіне қабылдайды.

Мысал сөздер:

“Сіз – керемет ата-анасыз!”

“Балаңыз сізді үлгі тұтады!”

“Сіздің еңбегіңіз – болашаққа салынған іргетас!”

----**Сіз – керемет ата-анасыз!**

Сіздің махаббатыңыз бен қамқорлығыңыз балаңыздың бақытты болашағының негізі.

-Балаңыз сізді үлгі тұтады!

Сіздің әрбір сөзіңіз бен әрекетіңіз – балаңыз үшін өмірлік сабақ.

--Сіздің еңбегіңіз – болашаққа салынған іргетас!

Тәрбиелеу – тек еңбек емес, бұл – ұрпаққа деген махаббаттың көрінісі.

--Сіздің мейіріміңіз – балаңыздың жүрегіндегі жарық шырақ!

Әрбір жылы сөзіңіз оның сенімін күшейтеді.

-- Сіз балаңыз үшін – ең мықты тірексіз!

Қиын сәттерде де сіздің қолдауыңыз – оның өмірлік арқа сүйері.

-- Ата-ананың жүрегі – бала үшін соғады!

Сіздің сүйіспеншілігіңіз ештеңемен өлшенбейді.

-- Сіз – отбасыңыздың шам шырағысыз!

Сіздің жарығыңыз балаларыңызға жол көрсетеді.

-- Бала – ата-ананың айнасы, ал сіздің бейнеңіз – жарқын үлгі!

-- Сіздің даналығыңыз – балаңыздың өмірлік компасы.

-- Сіз беретін тәрбие – ел болашағына қосылған үлес.

Тәрбиешінің сөзі:

Құрметті ата-аналар!

Сіздер сикырлы қобдишадан алынған әрбір сөздің тек жай жазба емес, жүректен шыққан, шынайы алғыс пен сенім екенін сезіндіңіздер деп ойлаймын. Бұл сөздер – сіздердің күнделікті жасаған үлкен еңбектеріңізге берілген шағын ғана баға.

Бала тәрбиелеу – ең қиын, бірақ ең қастерлі міндеттердің бірі. Әрбір айтылған жылы сөз – сіздің бойыңыздағы мейірімділікке, сабырлылыққа және жауапкершілікке берілген жоғары баға. Өздеріңізге айтылған сөзді жүректеріңізге қабылдап, оны әркез есте сақтаңыздар.

Бүгінгі шағын жаттығуымыз арқылы біз бір-бірімізге демеу бола алатынымызды, жылы сөздің де үлкен күшке ие екенін көрдік. Жақсы сөз – жанға шипа, көңілге медеу. Сондықтан осындай рухани қолдауды балаларыңызға да, бір-біріңізге де жиі сыйлап отырыңыздар.

Сіздерге шын жүректен алғыс айтамын! Балаларыңыздың болашағы сіздердің мейірімге толы жүректеріңізден басталады. Бірге тәрбиелеп, бірге өсейік!

5.Сергіту сәті.

«**Әңгіме қалай тарайды?**» әдіс арқылы ата- аналармен сергіту сәті жасалады.Ата- аналар бір біріне қарамай бір жолдың бойымен тұрып,би қимылдарын жасайды.Мақсат ең алғашқы би қимылын дұрыс жеткізе білу.

Тәрбиешінің сөзі:

– Құрметті ата-аналар! Қатысуларыңызға рақмет! Қазір біз «Әңгіме қалай тарайды?» әдісі арқылы қызықты сергіту сәтін өткіздік. Бұл әдістің негізгі мақсаты – ақпараттың немесе әрекеттің адамнан адамға қалай өзгеріп жететінін, яғни байланыс пен түсіністіктің маңызын көрсету.

Сіздер байқаған боларсыздар, ең алғашқы би қимылы бәріңізге бірдей әрі дәл жеткен жоқ. Біреулер аздап өзгертіп жеткізді, біреулер өз түсінігімен қимылды орындады. Бұл біздің күнделікті өмірімізде де жиі кездесетін жағдай. Ақпаратты дұрыс жеткізу, тыңдай білу және түсініп әрекет ету – бала тәрбиесінде де, ата-ана мен баланың қарым-қатынасында да өте маңызды.

Сондықтан баламызға үлгі болу үшін, алдымен өзіміздің қарым-қатынас жасау мәдениетімізге, тыңдай білу және дәл жеткізе білу қабілетімізге мән берейік.

6. «БАЛАМНЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІ – МЕНІҢ ҚОЛЫМДА!» атты жазғы қауіпсіздік бойынша нұсқаулық (ата-аналарға буклеттер ұсыну)

Құрметті ата-аналар!

Бүгінгі жиналысқа уақыт тауып, келіп отырғандарыңызға тағы да үлкен алғысымызды білдіремін. Біздің басты мақсатымыз – ортақ игілік, яғни балаларымыздың амандығы мен қауіпсіздігі.

Бала – әр отбасының баға жетпес байлығы. Ол – болашақтың иесі, елдің ертеңі. Сондықтан да оның жан-жақты дамуы, тәрбиесімен қатар, **қауіпсіздігі** – ең бірінші орында тұруы тиіс. Өкінішке орай, қазіргі таңда балаларға төнетін қауіп-қатерлердің түрі көбейіп келеді: көшедегі қауіп, интернеттегі теріс ықпалдар, бөтен адамдармен қатынас, тұрмыстық жарақаттар – бұның бәрі ата-ана мен тәрбиеші бірлесіп жұмыс істеуді талап етеді.Бүгінгі « атты жиналысымызда біз сіздермен баланың қауіпсіздігі туралы маңызды мәселелерді қозғаймыз. Бір сәтке ойланып көрейік: біз өз баламыздың қауіпсіздігі үшін күніне не істеп жүрміз? Қарапайым сақтық шараларын сақтау – болашақта үлкен қауіптің алдын алуы мүмкін.

Сондықтан да, осы жиналыста сіздердің ой-пікірлеріңізді тыңдап, өзара тәжірибе алмасып, бірлесе жұмыс істеу жолдарын қарастырамыз.

Бүгінгі басқосуымыз баршамыз үшін пайдалы әрі мазмұнды болады деп сенемін. «Бала – ата-ана үшін баға жетпес байлық. Бірақ, өкінішке орай, бейқамдық салдарынан балалар жазатайым оқиғаға жиі ұшырап жатады. Осы жиналысты қоса берілген әдістемелік нұсқауларға сүйене отырып, бірлесе отырып өткіземіз. Сіздерге ұсыныстар мен жадынамалар да дайындалған.»

Жадынама тарату және ұсыныстар

Сұрақтарға жауап беру

7.Ойынның атауы:

«Ата-анамен қауіпсіздік туралы әңгіме»

Ойынның мақсаты:

Ата-аналардың бала қауіпсіздігіне байланысты күнделікті өмірдегі әрекеттері мен көзқарастарын саралау, ой бөлісу, олардың назарын маңызды мәселелерге аудару.

Қажетті құралдар:

– 3 түрлі түсті шеңберлер:

– Жасыл: Ешқашан

– Сары: Иә, бірақ 1-2 минутқа

Ойынның шарты:

Барлық ата-аналар шеңберге жиналады немесе қатар отырады.

Тәрбиеші немесе жүргізуші кезекпен дайындалған сұрақтарды оқиды.

Әр сұрақтан кейін ата-аналар ойлануға бірнеше секунд уақыт алады.

Содан соң, олар өз жауаптарына сәйкес түсті шеңберді жоғары көтереді:

Сұрақтар:

1. Сұрақтар: Балаңызды қараусыз қалдырасыз ба? Не себепті солай болды?

◆ Кеңес:

Балаларды жасына сай ешқашан ұзақ уақыт қараусыз қалдырмау керек. Тіпті бірнеше минутқа болса да, көршіден немесе туыстан көмек сұраған дұрыс.

2. Сұрақ: Үйіңізде баланың қауіпсіздігі үшін шаралар қолдандыңыз ба?

◆ Кеңес:

Розеткаларды жапқышпен жабу, өткір заттарды баланың қолы жетпейтін жерге қою, есіктерге қауіпсіздік бекіткіштер орнату – қарапайым, бірақ өте маңызды шаралар.

3. Сұрақ: Балаңыз телефонда қанша уақыт өткізеді және сіз оның немен айналысатынын білесіз бе?

◆ Кеңес:

Балаңыздың телефондағы әрекеттерін бақылап отыру үшін арнайы балаға арналған қауіпсіздік бағдарламаларын орнатыңыз.

4. Сұрақ: Балаңызға бөтен адаммен сөйлеспеу немесе үйге кіргізбеу керектігін түсіндірдіңіз бе? Қалай түсіндірдіңіз?

◆ Кеңес:

«Бөтен адам» ұғымын түсіндіріп, нақты мысалдармен көрсетіңіз. Рөлдік ойындар арқылы бұл ережені үйрету – өте тиімді әдіс.

5. Сұрақ: Сіздің балаңыз шұғыл жағдайда (өрт, жаракат, бөтен адам) не істеу керектігін біле ме?

◆ Кеңес:

Балаға 101, 102, 103 нөмірлерін үйретіп, оларды жаттатып қойыңыз. Қауіп туындағанда қайда қашу, кімге айту керектігін бірнеше рет қайталап үйретіңіз.

6. Сұрақ: Балаңыз қандай жолмен жүретінін біледі ме? Мекен жайды

◆ Кеңес:

Балаңызбен бірге бірнеше рет сол жолды бірге жүріп, қауіпті жерлерге назар аудартыңыз. Мекен жайды жаттатыңыз.

7. Сұрақ: Балаңыз жолда жүру ережелерін қаншалықты біледі деп ойлайсыз? Бағдаршамның түстерін біледі ма?

◆ Кеңес:

Жол ережелерін тек теориямен емес, практикада да үйрету қажет. Жолдан өтетін жерді бірге өтіп, түсіндіру ең тиімді әдіс.

8. Сұрақ: Көлікте балаңызды қауіпсіздік белдігімен бекітесіз бе? Бұл сіз үшін әдетке айналды ма?

◆ Кеңес:

Қауіпсіздік белдігін тақпау – баланың өміріне үлкен қауіп төндіреді. Белдік тақпайынша көлік қозғалмауы керек – бұл бүкіл отбасы үшін ереже болуы тиіс.

9 алаңыз суға шомылғанда үлкендердің бақылауында бола ма? Суда қауіпсіздік ережелерін балаңызға түсіндірдіңіз бе? Үйренуге жағдай жасадыңыз ба?

Кеңес:

→ Баланы тек арнайы жабдықталған орындарда (жағажай, бассейн) шомылуға жіберіңіз.

→ Қалтқысыз, кішкентай балаларды суда ешқашан жалғыз қалдырмаңыз.

10. Балаңыз далаға шыққанда күннен қорғайтын бас киім киеді ме?

Жеткілікті су ішіп жүр ме? Ыстық кезде балаңыз далада көп уақыт өткізбей ме?

Кеңес:

→ Баланың терісін күннен қорғау үшін арнайы кремдер қолданыңыз.

→ Сағат 11:00–17:00 аралығында күн астында көп болдырмаңыз.

→ Жеңіл, ашық түсті киім кигізіңіз.

Құрметті ата-аналар! Жаз мезгілі – балалар үшін серуенге, ойнауға, демалуға арналған ең қуанышты кезең. Алайда осы уақытта **қауіпсіздік ережелерін сақтау – аса маңызды**. Бүгінгі талқылаған сұрақтар сіздердің балаларыңыздың өмірі мен денсаулығын қорғауға бағытталған. Сіздерден сұарым:

✓ Балаларыңызбен **үнемі ашық сөйлесіп**, қандай жағдайда не істеу керектігін түсіндіріп отырыңыздар.

✓ **Қауіпсіз орта қалыптастыру – отбасыдан басталады**. Бала ересектердің әрекетін қайталайды.

✓ Жазғы уақытта **бақылауды әлсіретпей**, баланың қайда жүргенін, кіммен ойнап жүргенін білу өте маңызды.

Есімізде болсын: "Қауіпсіздік –

кездейсоқ емес, ол – жауапкершіліктің нәтижесі."Бірлесіп әрекет етсек, балаларымыздың жазғы демалысы қуанышқа, шаттыққа және қауіпсіздікке толы боларына сенімдімін.

8. «Су ішіндегі құпия сөздер»

Мақсаты: •Сөздерді оқу, түсіну, есте сақтау дағдыларын дамыту; • Логикалық ойлау мен зейінін арттыру • Қол моторикасын және көз қырағылығын дамыту; • Қызығушылықты ояту арқылы оқуға ынталандыру.

Оқу, түсіну және есте сақтау туралы:

Мақалдар:

Білекті бірді жығар, білімді мыңды жығар.

Ойлы бала – озар, ойсыз бала – тозар.

Ақыл – жастан, асыл – тастан.


Көп ойлаған – көп болмайды.

Қолы қимылдағанның аузы қимылдайды.

Балаң жақсы болса, жердің үсті – жұмақ.

Ұстаздан білім алған – ұлы жолды бастаған.



Білімдіге дүние жарық, білімсіздің күні ғаріп.



9. «Ата-аналар комитетін және мүшелерін келесі жылға сайлап тағайындау, олардың осы жылы топқа көрсеткен көмектерін атап өтіп грамота беру.» Ата-аналарға топ өміріне белсене қатысқаны үшін алғыс жариялау (АТА-АНАЛАРҒА АЛҒЫС ХАТТАР ТАБЫСТАУ)



Қорытынды. «Алтын балық» тілегі.

Ата-аналар енді көзіңді жұмайық, ендеше ашайық міне тағайындар өлеміне келдік. Енді көздеріңізді ашыңыздар, көлге қарап, көп балық, қармағыңызға Алтын-балық түсті. Сәлеметсіздер ме ата-аналар? Мен қабыршақтарыңды жоғалтып алдым. Ата-аналар көмектессіздер ме? Ендеше мен сіздердің тек ең, ең маңызды жалғыз тілектеріңді орындаймын, қандай тілек тілер едіңіз.



Ата-аналар: Сәлеметсіз бе Алтын балық? Иә, біз сізге көмектесеміз.

Тәрбиеші: Ендеше тілектеріңді мына қабыршақ қағаздарға жазып, оны Алтын балықтың денесіне жапсырайық. Ата-аналар тілектерін жазады.



Алтын балық: Рахмет сіздерге ата-аналар! Мен сіздердің тілектеріңізді міндетті түрде орындаймын! Алтын балықты көлге жіберейік. Бүгінгі бас қосуымыз аяқталып келеді. Балаларымыз аман болсын. Еліміздің үлгілі азамат пен азаматшасы болсын! Келіп, көріп, қатынасқандарыңыз үшін көп-көп рахмет.



Хаттама №7

Өткізу күні: 23.05.2025 жыл

Қатысқандар: 12 ата-ана

«Бір жыл – бір белес!»

қорытынды ата аналар жиналысы

Мақсаты: Оқу жылының қорытындысын шығару, балалардың жетістіктерін ата-аналармен бөлісу және жазғы қауіпсіздік туралы ақпарат беру.

Күн тәртібі:

1. **Кіріспе сөз.**

Тәрбиеші ата-аналарды жылы қарсы алып, жиналыстың маңыздылығын атап өтті. Оқу жылы бойы атқарылған жұмыстарға шолу жасалып, ата-аналарға алғыс білдірілді.

2. **Тренинг: «Мен қандаймын?»**


Ата-аналар үш топқа бөлінді (гүл, күн, үй) өздерін отбасыдағы орны мен рөлі сипаттап, жеке тұлға ретінде бағамдады.

3. **Жылдық есеп: «Осы оқу жылында не білдік?»**

Слайд пен фотоматериалдар арқылы оқу-тәрбие жұмыстарының қорытындысы ұсынылды. Балалардың жеткен жетістіктері көрсетілді.

4. **«Сиқырлы қобдиша» тренингі.**

Ата-аналар жылы сөздер жазылған қағаздарды оқып, бір-біріне мотивация мен қолдау көрсетті. Жаттығу арқылы жағымды психологиялық атмосфера қалыптасты.



5. **Сергіту сәті: «Әңгіме қалай тарайды?» әдісі.**
Ата-аналар бір-біріне би қимылдарын жеткізе отырып, қарым-қатынас пен түсіністіктің маңызын тәжірибе жүзінде ұғынды.
6. **«БАЛАМНЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІ – МЕНІҢ ҚОЛЫМДА!» нұсқаулық.**
Тәрбиеші ата-аналарға жазғы қауіпсіздік бойынша жадынама мен буклеттер ұсынды. Балаларды судан, терезеден құлау сияқты қауіптерден қорғау жолдары талқыланды.
7. **Ойын: «Ата-анамен қауіпсіздік туралы әңгіме»**
Ата-аналар түрлі-түсті шеңберлер арқылы сұрақтарға жауап беріп, бала қауіпсіздігіне байланысты өз көзқарастарын бөлісті.
8. **Ойын: «Су ішіндегі құпия сөздер»**
Мақал-мәтелдер арқылы баланың зейіні мен ойлау қабілетін дамытудың маңызы айтылды.
9. **Ата-аналар комитетін сайлау және марапаттау.**
Келесі оқу жылына ата-аналар комитетінің жаңа мүшелері сайланды. Ата аналар комитетінің төрайымы: Бекбаева Г.А, мүшелері: Қазиева Н.М, Қуканова Н.Қ, Рскалиева Ж.Н.
10. Ағымдағы жылы белсенділік танытқан ата-аналарға Алғыс хаттар табысталды.
11. **Қорытынды бөлім: «Алтын балық» тілегі.**
Ата-аналар балаларға арналған жүрекжарды тілектерін қағаз қабыршақтарға жазып, Алтын балықтың денесіне жапсырды. Жиналыс жылы лебіздермен, игі тілектермен аяқталды.

Қаулы:

1. Оқу жылының қорытындысы ата-аналарға жеткізілді.
2. Балалардың жетістіктері мен дамуына ата-аналардың қолдауы жоғары бағаланды.
3. Жаз мезгіліндегі қауіпсіздік ережелері бойынша ата-аналарға ұсыныстар берілді.
4. Жаңа ата-аналар комитеті құрылып, белсенді ата-аналар марапатталды.
5. Қауіпсіздік, тәрбие және дамыту бағытында бірлесе жұмыс жалғасады.

Ата-аналар комитетінің төрайымы: Қазиева Н.



Хатшы: Серғазықызы А.

